Алас, алас, баладан алас

Көзі жаманның көзінен алас

Тілі жаманның тілінен алас

Бісіміллә, келді міне иесі, көш пәлесі! - деп аластап сәбиді бөлеуді көрсетеді.

**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Қ.Өрісбаев) әнін айтып, тыңдау.

«Әлди-әлди» халық әнін айтып, тыңдауды ұсынады. Жұмсақ, бояу әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдермен айту.

кішкентай сәби ұйықтайды, тыныш ұйықтасын-деп бесікті төрге апарып қояды.

**Ән үйрену:** «Бесік жыры» (И. Нусипбаев) Аспапта ойнау: «Саулем-ай» халық әні кімде қандай аспап бар?

Тұяқтас пен қонырау

Асатаяқ тоқылдақ

Домбыра, сырнай тағы бар

Металлофон бастайды

Сырнайымыз қостайды, деп ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып аспапта ойнап

**Ойын:** Қандай аспап?

**Дауыс жаттығуы:** үйретеді. Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әрекетінде өткен, үйренген материалдарды пысықтайды. Балалар өздері ұнаған аспаптарды тандап алып, оркестрде ойнауға дайындалады. Әуенге ілесе әуен үндестігін сезіне көңілді ойнап, аспаптарды меңгереді. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.

**Қорытынды бөлім:** Әуен динамикасы, тембрін ажыратуды, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды. Ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды, лирикалық әуенді тыңдап, сезінуді дауысқа күш түсірмей әндетуді, динамикалық белгілерді ажыратуды үйренді.

**Тақырыбы:** Наурыз мерекесі

**Максаты:** Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.

**Алдын ала жұмыстар:** «Бесікке салу» туралы әңгімелесу.

**Көрнекілік:** бесік қуыршақ

**Сөздік жұмыс:** бесік жыры, әлди-әлди

**Кіріспе бөлім:** «Наурыз, наурыз» Роза Рымбаеваның орындауында (Қара жорға «билеп үйренейік» жинағынан) ырғағымен балаларға би қимылдарын қайталауды ұсынады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербелту, айналу, орын ауыстыру қимылдарын бекітеді. Балаларды шеңбер бойымен отырғызады. Жұмбақ жасырады. Тұрады ол әр уйде

Жайлы орын сәбиге

Шаңғы табан үйшік ол,

тербететін, әрине бұл не?

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар өздеріне таныс қара жорға қимылдарын еркін орындайды.

Ойлап тапқан би элементтерін қоса орындайды. Балалар

жұмбақты тыңдап шешуін «Бесік жыры»

**Негізгі бөлім :** Балалар Амина әжеміз немересінің «Бесік тойына» шақырды. Кәне бесіктің жанына жақын отырып көрейік.

-Біз қуыршақты бөлеп, бесікке салу рәсімін жасайық. Аршаның түтінімен аластап алайық.

Алас, алас, баладан алас

Көзі жаманның көзінен алас

Тілі жаманның тілінен алыс

Бісіміллә, келді міне иесі, көш пәлесі! - деп аластап сәбиді бөлеуді көрсетеді.

**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Қ.Өрісбаев) әнін айтып, тыңдау.

«Әлди-әлди» халық әнін айтып, тыңдауды ұсынады. Жұмсақ, бояу әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдермен айту.

кішкентай сәби ұйықтайды, тыныш ұйықтасын-деп бесікті төрге апарып қояды.

**Ән үйрену:** «Бесік жыры» (И. Нусипбаев) Аспапта ойнау: «Саулем-ай» халық әні кімде қандай аспап бар?

Тұяқтас пен қонырау

Асатаяқ тоқылдақ

Домбыра, сырнай тағы бар

Металлофон бастайды

Сырнайымыз қостайды, деп ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып аспапта ойнап

**Ойын : Қандай аспап?**

**Дауыс жаттығуы :** үйретеді. Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әрекетінде өткен, үйренген материалдарды пысықтайды. Балалар өздері ұнаған аспаптарды таңдап алып, оркестрде ойнауға дайындалады. Әуенге ілесе әуен үндестігін сезіне көңілді ойнап, аспаптарды меңгереді. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.

**Қорытынды бөлім:** Әуен динамикасы, тембрін ажыратуды, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды. Ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды, лирикалық әуенді тыңдап, сезінуді дауысқа күш түсірмей әндетуді, динамикалық белгілерді ажыратуды үйренді.

**№42 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** « Нұр төккен ,гүл көктем»

**Мақсаты:** Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу.Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

**Көрнекілік:** көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

**Сөздік жұмыс:** қараторғай,жыл құстары.

**Кіріспе бөлім :** Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау.Жылы жақтан қайтқан құстардың жылғанын суреттеріне қарап әңгіме құрастыру.

Сулар ағып жылгадан,

Құстар әнін жырлаған

Бұлт айдары желбіреді

бұл мезгілді қалай дейді.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар көктем көріністері бейнелеген суреттерді қызықтайды. Балалар өлең не туралы екенін айтуға талпынады

**Негізгі бөлім :** Балалар бұл өлең жолдары қай мезгілін меңзеп тұр?

**Музыка тыңдау:** «Қараторғай» Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан келе бастайды.Құстар сайрап ,көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен ,тау тас,өзен сумен байланысты болса енді біреулері табиғат аясында канат қағып жүрген құстарды әнге қосады.Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.

**Дауыс жаттығуы :** Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп , демді нықты көтермей алып ,бойды тік ұстау.

**Ән үйрену:** «Көктем» ( Д.Гусинцев,Т. Исабеков) Бұл әнде де құстың келуін ,өлкенің жаңаруын,жеміс ағаштардың бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды.

**Ойын :** «Түлкі мен қаздар» Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздарды қуады,алдарынан күшік шығып ,түлкіні қуып ,қаздарды кері қайтарады.

**Дауыс жаттығуы :** Балалар жаңа әнмен танысып ән туралы түсініктерін айтуға тырысады.Балалар түлкі мен қаздар және күшік болып үшке бөлініп ,өз әуендерін орындай әрекет жасайды.

**Қимылдық ән ойыны: Би: Апатайым-ай** (Билеп үйренейік) Түсініктеме бойынша қимылды үйреніп әуенге ілесе би билеу.

**Қорытынды бөлім:** Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. Көктемгі құбылыстарды,табиғат өзгерістерін білу керек.

**Игереді:** Жыл құстары,қараторғай туралы түсініктерді

**Менгереді:** Үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын

Сәуір айы  
Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»  
« 04 » « 04.22 жк »  
№43 Ұйымдастырылған оқу қызмет

**Тақырыбы:** : Аялайық гүлдерді

**Мақсаты:** Музыкалық естуді дамыту,әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен,ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге ,әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету..

**Көрнекілік:** көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

**Сөздік жұмыс:** қараторғай,жыл құстары.

**Кіріспе бөлім : Жетекші:** балалармен шаттық шеңберін өткізеді.

Алақандыашайық

Күнің шуағын салайық.

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық

Балалар « Гүлдер» биімен кіреді

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** музыка әуенімен тізбектеліп жүреді тыңдайды, гүлдермен танысады

**Негізгі бөлім : Релаксация:** Балалар барлығымыз топтағы гүлдермен амандасайық

**Жетекші:** Құрметті қонақтар балалар! Бүгін біздің сабағымыз ерекше сабақ, өйткені бүгін біз сендермен бөлме гүлдері туралы сабақ өткіземіз.

**1 бала:** Гүл – бізге сұлулығын сыйлайды.

**2- бала:** Гүл – бізге таза ауа береді.

**3- бала:** Гүл біздің жаман көңіл күйімізді жақсартып, қуаныш сыйлайды.

**Жетекші:** Дұрыс айтасындар балалар, ал сендер осы бөлме гүлдерін адам қалай үйге үйреткенін білесіңдер ме?

Олай болса «Адам өсімдікті бөлмеге қалай үйретті» атты ертегімен танысамыз.

Ерте,ерте, ертеде... ешкі жүні бөртеде адамдар әліөсімдіктер туралы толық мағлұмат білмеген. Ол жылдың екі мезгілінде ғана оның сұлулығын тамашалаған, ал күрең күз келіп, қатаң қыс түскенде адам қатты ренжіген. Бір күні адам ағаштың бұтағын үйге отырғызбақшы болып, ағашқа келеді.

Ағаш, ағаш маған бір бұтағыңды сыйлашы. Мен оны үйге отырғызып, қыста ол мені өзінің жасыл жапырақтарымен қуантады.

**Ағаш:** жақсы ала ғой.

Адам бұтақты үйіне әкеліп отырғызады. Тамашалайды, біраз уақыт өткенде, бұтақ сола бастайды. Адам қатты ренжіп ағашқа келеді.

**Адам:**Ағаш,ағаш мен нені дұрыс істемедім, неге менің бөлмедегі бұтағым сола бастады. Көмектесші маған ағаш.

**Ағаш:** А ей, адам, адам бізді табиғат ана жерден құнарлансын деп тамырымызды терең қылған, біз жердің астынан суалып отырамыз.

**Адам:** түсіндім мен оған су құюым керек, рахмет ағаш.

Біраз уақыт бұтақ тағы да адамды қуанытады, бір күні бұтақ тағы да солып бара жатады, адам тағы да ағашқа келеді.

**Ағаш:** сәлем адам менің бұтағым қалай?

**Адам:** күннен күнге нашарлап, солып барады, ағаш,ағаш маған көмектесші.

**Ағаш:** Табиғат ана бізді жаратқанда тамырымызға ау баратындай етіп жаратқан.

**Адам:**-Рахмет саған ағаш, деп адам үйіне келіп бұтақтың түбін қопсытады.

Бұтақ терең тыныс алды. Жапырақтары шығып ағаш тағы да өзінің сұлулығын адамға сыйлай бастайды.

Тағы да біраз уақыт өтеді, күндердің бір күнінде, бұтақ тағы да сола бастайды, адам ренжіп ағашқа келеді.

**Адам:** Ағаш, ағаш мен сен айтқандардың бәрін орындап жатырмын, құрғағанда су құямын, түбін қопсытып отырамын, бірақ менің бұтағым бәрібір де тағы да солып жатыр, не істеу керек?

**Ағаш:** Ей, адам, адам табиғат ана бізді жаратқанда күннен нәр алып, бойымыз осылай биікке ұмтылып ұзын болады.

**Адам:** а, түсіндім деп үйіне жүгіріп кетеді де Үйіне келсе, көңілсіз ақырын дауысты естейді

**Бұтақ:** Адам, мені тыңдашы, бұл кім? Бұл кім?

Адам таң қалып. Бұл мен сенің бұтағың. Далада қыс. Ал мен күннің көзін, яғни жылуды өте жақсы көремін.

Адам: менің үйімде жылы ғой, сені ол қуантпайды ма?

Бұтақ: қуантады, бірақ біз күннің жылулығын ұнатамыз.

Адам: енді түсіндім, -деп бұтақты үйдегі ең жылы, әрі жарық кең терезеге қояды.

Осылайша адам өсімдіктің үйде өсіп тұруы үшін не қажет екенін білді. Оларды уақытымен суарып, қопсытып, жылы жерде ұстау керек.

Сонымен адам өсімдікті неге үйіне алды?

- өсімдік бөлмеде өсу үшін не қажет?

Осы кезде топқа есік қағып ауырған бала кіреді.

#### Театрландырылған қойылым.

Сәлемтесіңбе Сафуан, саған не болды?

Ой сұрамаңдар, мен ауырып қалдым.

Ой, балалар, Сафуанға көмек қажет, қазір мен 103 нөміріне хабарласып дәрігерді шақырамын.

(қоңырау шалынып, дәрігер шақыртылады)

Дәрігер: Сафуан сенің қай жерің ауырып тұр?

Сафуан: Тісім ауырып тұр.

Дәрігер Рауан: қараңдаршы сендердің топтарыңда қаншама емдік гүлдер бар. Менің қобдишам қажет емес.

Дәрігер: Міне каланхоэ жапырағы оны шайнасаң, тісіңнің ауарғаны басылады.

Сафуан: Емді қабылдайды.

Дәрігер: Тағы қай жерің ауырып тұр?

Сафан: Қолыма қотыр шығып еді.

Дәрігер: Саған алоэ гүлінің шырыны қажет, оны қолыңа танасың, ол ірінді сорып алады.

Сафан: Құлағым да ауырып тұр.

Дәрігер: ал ол үшін саған қазтамақ гүлінің жапырағын, құлағыңа басу қажет. Сонда жазыласың.

Жетекші: Рахмет сізге дәрігер. Біздің баламызға көмектестіңіз. (дәрігер кетеді).

Сергіту сәті: Күн болып жанайық,

Мөлдір су боп, ағайық.

Гүл болып жайнайық,

Терең- терең дем алып, Жүгіріп – жүгіріп алайық.

Білімді бекіту: Тіс ауырса қандай гүл қажет?

Тұмауға қарсы қандай гүл қажет?

Құлақ ауырса қандай гүл керек?

Ал денеде ірін болса қандай гүл қажет?

Ән тыңдау «Гүлдер гүлдер» (А. Қалаубаева):

Балкүміс: Егер сенде тұмау болса,

Қажет саған алоэ.

Туғанан біз білеміз.

Одан артық ем жоқ.

Аяулым: Терезеде тұр гүл гүлденіп,

Қызғылт түспен тұр түрленіп.

Алуа: Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер

Жайнаркезімкелдідеп.

Қанаттарын желбіреп,

Таңмен бірге оянып

Күннің ұрына боянып

Көрік бердің тобыма.

Ән уйрену: «Наурыз көктем»

Қорытынды бөлім: Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Ертегі не туралы? Бөлме өсімдіктері бізге қажет пе?

Қандай пайдасы бар? Бүгін қандай гүлдермен таныстық? Олар не үшін қажет?

Бөлме гүлдері әдемі болып өсу үшін не керек?

Таң ғажайып сәт: балалар, бүгінгі жақсы қатысқандарың үшін, менің сендерге беретін сыйлығым бар. (таратылады)

**№44 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** Аялайық гүлдерді

**Мақсаты:** Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету..

**Көрнекілік:** көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

**Сөздік жұмыс:** қараторғай, жыл құстары.

**Кіріспе бөлім : Жетекші:** балалармен шаттық шеңберін өткізеді.

Алақанды ашайық

Күннің шуағын салайық.

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық

Балалар « Гүлдер » биімен кіреді

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** музыка әуенімен тізбектеліп жүреді тыңдайды, гүлдермен танысады

**Негізгі бөлім : Релаксация:** Балалар барлығымыз топтағы гүлдермен амандасайық

**Жетекші:** Құрметті қонақтар балалар! Бүгін біздің сабағымыз ерекше сабақ, өйткені бүгін біз сендермен бөлме гүлдері туралы сабақ өткіземіз.

**1 бала:** Гүл – бізге сұлулығын сыйлайды.

**2- бала:** Гүл – бізге таза ауа береді.

**3- бала:** Гүл біздің жаман көңіл күйімізді жақсартып, қуаныш сыйлайды.

**Жетекші:** Дұрыс айтасындар балалар, ал сендер осы бөлме гүлдерін адам қалай үйге үйреткенін білесіңдер ме?

Олай болса «Адам өсімдікті бөлмеге қалай үйретті» атты ертегімен танысамыз.

Ерте, ерте, ертеде... ешкі жүні бөртеде адамдар әлі өсімдіктер туралы толық мағлұмат білмеген. Ол жылдың екі мезгілінде ғана оның сұлулығын тамашалаған, ал күрең күз келіп, қатаң қыс түскенде адам қатты ренжіген. Бір күні адам ағаштың бұтағын үйге отырғызбақшы болып, ағашқа келеді.

Ағаш, ағаш маған бір бұтағыңды сыйлашы. Мен оны үйге отырғызып, қыста ол мені өзінің жасыл жапырақтарымен қуантады.

**Ағаш:** жақсы ала ғой.

Адам бұтақты үйіне әкеліп отырғызады. Тамашалайды, біраз уақыт өткенде, бұтақ сола бастайды. Адам қатты ренжіп ағашқа келеді.

**Адам:** Ағаш, ағаш мен нені дұрыс істемедім, неге менің бөлмедегі бұтағым сола бастады. Көмектесші маған ағаш.

**Ағаш:** А ей, адам, адам бізді табиғат ана жерден құнарлансын деп тамырымызды терең қылған, біз жердің астынан суалып отырамыз.

**Адам:** түсіндім мен оған су құюым керек, рахмет ағаш.

Біраз уақыт бұтақ тағы да адамды қуанытады, бір күні бұтақ тағы да солып бара жатады, адам тағы да ағашқа келеді.

**Ағаш:** сәлем адам менің бұтағым қалай?

**Адам:** күннен күнге нашарлап, солып барады, ағаш, ағаш маған көмектесші.

**Ағаш:** Табиғат ана бізді жаратқанда тамырымызға ау баратындай етіп жаратқан.

**Адам:** -Рахмет саған ағаш, деп адам үйіне келіп бұтақтың түбін копсытады.

Бұтақ терең тыныс алды. Жапырақтары шығып ағаш тағы да өзінің сұлулығын адамға сыйлай бастайды. Тағы да біраз уақыт өтеді, күндердің бір күнінде, бұтақ тағы да сола бастайды, адам ренжіп ағашқа келеді.

**Адам:** Ағаш, ағаш мен сен айтқандардың бәрін орындап жатырмын, құрғағанда су құямын, түбін копсытып отырамын, бірақ менің бұтағым бәрібір де тағы да солып жатыр, не істеу керек?

**Ағаш:** Ей, адам, адам табиғат ана бізді жаратқанда күннен нәр алып, бойымыз осылай биікке ұмтылып ұзын болады.

**Адам:** а, түсіндім деп үйіне жүгіріп кетеді де Үйіне келсе, көңілсіз ақырын дауысты естейді

**Бұтақ:** Адам, мені тыңдашы, бұл кім? Бұл кім?

**Адам таң қалып.** Бұл мен сенің бұтағың. Далада қыс. Ал мен күннің көзін, яғни жылуды өте жақсы көремін.

**Адам:** менің үйімде жылы ғой, сені ол қуантпайды ма?

**Бұтақ:** қуантады, бірақ біз күннің жылулығын ұнатамыз.

**Адам:** енді түсіндім, -деп бұтақты үйдегі ең жылы, әрі жарық кең терезеге қояды.

Осылайша адам өсімдіктің үйде өсіп тұруы үшін не қажет екенін білді. Оларды уақытымен суарып, қопсытып, жылы жерде ұстау керек.

Сонымен адам өсімдікті неге үйіне алды?

- өсімдік бөлмеде өсу үшін не қажет?

Осы кезде топқа есік қағып ауырған бала кіреді.

### **Театрландырылған қойылым.**

**Сәлемтесіңбе Сафуан, саған не болды?**

**Ой сұрамандар, мен ауырып қалдым.**

**Ой, балалар, Сафуанға көмек қажет, қазір мен 103 нөміріне хабарласып дәрігерді шақырамын.**

**(қоңырау шалынып, дәрігер шақыртылады)**

**Дәрігер:** Сафуан сенің қай жерің ауырып тұр.

**Сафуан:** Тісім ауырып тұр.

**Дәрігер Рауан:** қарандаршы сендердің топтарыңда қаншама емдік гүлдер бар. Менің кобдишам қажет емес.

**Дәрігер:** Міне каланхоэ жапырағы оны шайнасаң, тісіңнің ауарғаны басылады.

**Сафуан:** Емді қабылдайды.

**Дәрігер:** Тағы қай жерің ауырып тұр?

**Сафан:** Қолыма қотыр шығып еді.

**Дәрігер:** Саған алоэ гүлінің шырыны қажет, оны қолыңа танасың, ол ірінді сорып алады.

**Сафан:** Құлағым да ауырып тұр.

**Дәрігер:** ал ол үшін саған қазтамақ гүлінің жапырағын, құлағыңа басу қажет. Сонда жазыласың.

**Жетекші:** Рахмет сізге дәрігер. Біздің баламызға көмектестіңіз. (дәрігер кетеді).

**Сергіту сәті:** Күн болып жанайық,

Мөлдір су боп, ағайық.

Гүл болып жайнайық,

Терең-терең дем алып, Жүгіріп – жүгіріп алайық.

**Білімді бекіту:** Тіс ауырса қандай гүл қажет?

Тұмауға қарсы қандай гүл қажет?

Құлақ ауырса қандай гүл керек?

Ал денеде ірін болса қандай гүл қажет?

**Ән тыңдау «Гүлдер гүлдер» (А. Қалаубаева):**

**Балкүміс:** Егер сенде тұмау болса,

Қажет саған алоэ.

Туғанан біз білеміз.

Одан артық ем жоқ.

**Аяулым:** Терезеде тұр гүл гүлденіп,

Қызғылт түспен тұр түрленіп.

**Алуа:** Гүлдер, гүлдер, көпгүлдер,

Қызылгүлдер, көкгүлдер

Жайнаркезімкелдідеп.

Қанаттарыңжелбіреп,

Таңменбіргеоянып

Күншұрынабаянып

Көрік бердің тобыма.

**Ән үйрену: «Наурыз көктем»**

**Қорытынды бөлім:** Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Ертегі не туралы? Бөлме өсімдіктері бізге қажет пе?

Қандай пайдасы бар? Бүгін қандай гүлдермен таныстық? Олар не үшін қажет?

Бөлме гүлдері әдемі болып өсу үшін не керек?

Таң ғажайып сәт: балалар, бүгінгі жақсы қатысқандарың үшін, менің сендерге беретін сыйлығым бар. (таратылады)

**№45 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** «Ас атасы – нан»

**Мақсаты:** Нан қалай келетіні туралы ән айтқызу. Аспаптардың атауын біліп,асатаяқ жайында түсінік беру.Балалардың музыкалық оркестріне кіретін аспаптардың құрамына кіретін тоқылдақ қоңыраулы жыланбас секілді халық аспаптарын қосуды ұсынамыз.

**Корнекілік:** Наурыз дастарқаны ,ұлттық тағамдар ,арқан

**Сөздік жұмыс:** Наурыз көже,құрт,ірімшік,қонаққаде.

**Кіріспе бөлім :** Ортада дөңгелек устел,үстінде құрт,ірімшік ,жент,бауырсақ,т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады.

Дастарқанда дәміміз

Жайдарымыз бәріміз

Көжесі көп,қыры көп

Қандай жақсы наурыз ( Қ.Баянбай)

Ата мен әже балаларды қарсы алады.

Әже сөзі : амандасу қонаққа шақыру

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар көктем көріністері бейнелеген суреттерді қызықтайды.

Балалар өлең не туралы екенін айтуға талпынады

**Негізгі бөлім** Балалар бұл өлең жолдары қай мезгілін меңзеп тұр?

**музыка тыңдау:** «Қараторғай» Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан келе бастайды.Құстар сайрап ,көктемгі көріністерге жан біткендей күйде Көптеген әндер табиғатпен ,тау тас,өзен сумен байланысты болса енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады.Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.

**Ән айту:** Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп , демді иықты көтермей алып ,бойды тік ұстау.

**Ән үйрену:** «Қырманға кел қалқатай» ( Алау тобының) Бұл әнде қырманның ,өлкенің жанаруын,жеміс ағаштардың бүршік атып гулдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Балалар жаңа әнмен танысып ән туралы түсініктерін айтуға тырысады.

**Ойын :** «Түлкі мен қаздар» Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздарды қуады,алдарынан күшік шығып ,түлкіні қуып ,қаздарды кері қайтарады. Балалар түлкі мен қаздар және күшік болып ушке бөлініп ,өз әуендерін орындай әрекет жасайды.

**Қорытынды бөлім:** Көктемгі құбылыстарды,табиғат өзгерістерін білу керек

**Игереді:** Жыл құстары,қараторғай туралы түсініктерді

**Меңгереді:** Үш турлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын

**Тақырыбы:** «Төрт түлігім»

**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.

**Көрнекілік:** Бұзау, қозы, құлыншақ

**Сөздік жұмыс:** жәндіктер, төлдер, қосмекенділер.

**Кіріспе бөлім:** Жетекші балаларды көңілді қарсы алады. Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді. Унтаспада орындалған М. Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар көктем көріністері бейнелеген суреттерді қызықтайды. Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап есіне сақтауға, шумақтың қайырманың қимылдарын білуге дағдыланады.

**Негізгі бөлім:** Б. Дәлденбай өңдеген «Хайлайлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.

Құлындарым кісінеп,

Боталарым боздайды

Бұзауларым мөңіреп

Қойым ерте қоздады – Балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.

«Боталардың желісі» (Е. Хасанхалиев) шығармасының сипатын түсіндіреді.

«Еркстайым» әні (А. Токсанбаев) жылдам, көңілді сипатта орындалады.

«Ана әлдіні» (А. Меңжанова) асықпай, сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла орындауы үшін үлестірмелі төлдер карточкалары беріледі. Балаларды музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру, үйрету. 2-3 мәрте қайталау. Шығармалар үзінділерінен тыңдату. Дидактикалық ойын:

«Анасын тап»

Ән салайық, шырқатайық

Әуеніне тамсанайық

Ойыншықтар әнін біз

Үйренейік, айтайық

Ән үйрену «Ойыншықтар»

Би. «Қыздарға аралар»

Би: «Құлдарға «Тұлпарым»

**Ойын:** Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.

Қыздар «Аралар» биінің ырғақтарын жасай білуге талпынады. Бас қолдарын қимылдатады. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі, эмоциялары білінеді. Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп даусын қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады.

**Қорытынды бөлім:** Балалардан қайда барғандарын сұрайды.

-Хайлайлім» шығармасының композиторы кім?

-Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар

Бүгін қандай ән үйрендік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.

**Тақырыбы:** «Тұлпарым»

**Мақсаты:** Әуеннің ырғақтық бейнесін металлофонда, жеке немесе кішігірім топпен ойнау

**Көрнекілік:** Бұзау, қозы, құлыншақ

**Сөздік жұмыс:** жәндіктер, төлдер, қосмекенділер.

**Кіріспе бөлім:** Жетекші балаларды көңілді қарсы алады. Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді. Унтаспада орындалған М. Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар көктем көріністері бейнелген суреттерді қызықтайды. Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, өз жұптарын табуға тырысады. Әнінің сөзін тыңдап есіне сақтауға, шумақтың, қайырманың қимылдарын білуге дағдыланады.

**Негізгі бөлім:** Б. Дәлденбай өңдеген «Хайлайлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.

Құлындарым кісінеп,

Боталарым боздайды

Бұзауларым мәңгіреп

Қойым ерте қоздады – Балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.

«Боталардың желісі» (Е. Хасанхалиев) шығармасының сипатын түсіндіреді.

«Еркетайым» әні (А. Токсанбаев) жылдам, көңілді сипатта орындалады.

«Ана әлдіі» (А. Меңжанова) асықпай, сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла орындауы үшін үлестірмелі төлдер карточкалары беріледі. Балаларды музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру, үйрету. 2-3 мәрте қайталату. Шығармалар үзінділерінен тыңдату. Дидактикалық ойын:

«Анасын тап»

Ән салайық, шырқатайық

Әуеніне тамсанайық

Ойыншықтар әнін біз

Үйренейік, айтайық

Ән үйрену «Ойыншықтар»

Би. «Қыздарға аралар»

Би: «Құлдарға «Тұлпарым»

**Ойын:** Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.

Қыздар «Аралар» биінің ырғақтарын жасай білуге талпынады. Бас қолдарын қимылдатады. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі, эмоциялары білінеді. Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп даусын қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады.

**Қорытынды бөлім:** Балалардан қайда барғандарын сұрайды.

-Хайлайлім» шығармасының композиторы кім?

-Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар

Бүгін қандай ән үйрендік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.

#### №48 Ұйымдастырылған оқу қызмет

**Тақырыбы:** «Еңбек бәрін жеңбек»

**Максаты:** әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге үйрету.

**Көрнекілік:** Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басын бейнелеген ойыншық таяқша –ат.

**Сөздік жұмыс:** куй -той

**Кіріспе бөлім :** « **Кенес**» күйі ойналып ,педагог балаларды қарсы алып,ауылға, тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп,қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап ,ұлдарға «атпен» шабуды ұсынады.Әуен екінші рет ойналғанда ұлдарға отырып қол шапалақтау ұсынылады. Ал қыздарға асатаяқпен би қимылдарын көрсетіп ,үйретеді.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар куйді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйренеді.

Ұлдар қуана «аттарға»мінеді,қыздар аспаптарды алады.

Қыздар залдың екі жақ шетінде тұрып, асатаяқта ырғақты келтіре ойнайды

**Негізгі бөлім:** Балалар ,тойымызға сән беретін әндер мен куйлерді тыңдауға шақырамын.

**Музыка тыңдау:** «Айжанқыз» (Құрманғазы), «Қамажай», «Хайлайлім»әуендері (унтаспада) орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажарытуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап бақылайды.

Даусымыз ашылды

Бұлбұлдай сайраймыз.

Көңілді ән айтып

Жадырап жайнаймыз.

**Ән айту:** «Жаксы бала еңбекшіл» әнін қайталату.Жетекші ән мазмұнын түсіндіріп ,көңілді ырғақты сезінулеріне ықпал етеді.Әннің мәтіні туралы сұрап ,балаларды әңгімеге тартады.

-Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра түсейік деп ойынға шақырады. **Ойын:** «Тақия тастамақ» , «Киіз уй»ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап өз беттерінше билеуге ерік береді. **Би:** «Асатаяқпен би», «Кел билейік» билері қайталанады.Балаларға ұнатып аспаптарын таңдап алуға мүмкіндік беріп,ұлттық ұрмалы аспаптардан өз оркестрін құрайды.

**Қорытынды бөлім:** Балалардан қайда барғандарын сұрайды.

-Хайлайлім» шығармасының композиторы кім?

-Шығармалардың сипаттары қандай болды ,атап айтыңдар

Бүгін қандай ән үйрендік?Балаларды мадақтайды, қоштасады.

## Мамыр айы

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»

« 05 » « 05.22 ж »

№49 Ұйымдастырылған оқу қызмет

**Тақырыбы:** Достық- біздің тірегіміз

**Мақсаты:** балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

**Көрнекілік:** үлкен –кіші қоңыраулар, ақ сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

**Сөздік жұмыс:** тосқауыл, ортақ,

**Кіріспе бөлім:** Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.

Бір шаңырақта табысқан

Дос бауыр көп, туысқан.

Отан – ортақ уйіміз

Көңілді ән мен күйіміз.

Е. Өтетілеуұлы

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар музыка залына ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді.

ре ойнайды.

**Негізгі бөлім:** Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттың балалары бар: қазақ, орыс, ұйғыр, т.б. Бірақ біз бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықты музыкасын құрметтеуіміз керек.

**Музыка тыңдау:** «Жайдарман»

(Қазақтың халық әні)

-Әні көңілді ме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады. Ән сендерге ұнады ма? Ән айту алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауыс жаттығуларын жасап дауыстарын қалыпқа келтіру. Өткен сабақтағы әндерді қайталап, не туралы екенін, қалай айтылу керектігін еске түсіру.

**Ән үйрену:** «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров) Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен суда ортақ, Болсын бізге ту да ортақ- деп неліктен айтылған?

Бәріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз,- деп отыр.

«Қоңыраумен ойын» (Т. Ломова)

Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Педагог қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді. Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.

**Би: «Биге шақыру»** (Орыс халық әні)

Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Осылайша бәрі түгел биге шығады.

**Ойын:** «Тақия тастамақ», «Киіз уй» ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап өз беттерінше билеуге ерік береді.

**Қорытынды бөлім:** Біледі: Қазақтың халық әнінен хабардар болуы, халықтың ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: Ортақ, ақпыз, қара сарымыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: Үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын.

**№50 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** Халықтар достығы

**Мақсаты:** Өзбек халықтарының, Орыс, кәріс, қырғыз ұлттарының билерінің қимылдарымен таныстыру.

**Көрнекілік:** үлкен –кіші қоңыраулар, ақ сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

**Сөздік жұмыс:** тосқауыл, ортақ,

**Кіріспе бөлім:** Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.

Бір шаңырақта табысқан

Дос бауыр көп, туысқан.

Отан – ортақ уйіміз

Көңілді ән мен куйіміз.

Е. Өтетілеуұлы

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар музыка залына ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді. ре ойнайды.

**Негізгі бөлім:** Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттың балалары бар :қазақ,орыс,дұйғыр ,т.б.Бірақ біз бірімізді бөлмейміз ,бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз.Әрқашан осындай тату болуымыз керек . Қазақ жерінде тұрғандықтан ,қазақтың халықты музыкасын құрметтеуіміз керек.

**Музыка тыңдау:** «Жайдарман»

(Қазақтың халық әні)

-Әні көңілді ме,әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға,би билеуге болады.Ән сендерге ұнады ма?

Әні айту алдында дауыс жаттығуларын жасап,дауыс жаттығуларын жасап дауыстарын қалыпқа келтіру.

Өткен сабақтағы әндерді қайталап,не туралы екенін, қалай айтылу керектігін еске түсіру.

**Ән үйрену:** «Ағайынбыз бәріміз» ( М. Әубәкіров) Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен суда ортақ, Болсын бізге ту да ортақ- деп неліктен айтылған?

Бәріміз тату,дос болсақ ,су да,жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз,-деп отыр.

**«Қоңыраумен ойын»** (Т. Ломова)

Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Педагог қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.Айырмашылығына тоқталады.Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек –кезек шақырып,ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап,сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.

**Би:** Өзбек халықтарының,Орыс, кәріс, қырғыз ұлттарының билерінің қимылдарымен таныстыру.

**Ойын:** «Тақия тастамақ», «Киіз уй»ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап өз беттерінше билеуге ерік береді.

**Қорытынды бөлім:** Біледі: Қазақтың халық әнінен хабардар болуы,халықтың ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: Ортақ ,ақпыз,қара сарымыз,достық деген түсініктерді.

Менгереді: Үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын.

**№51 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** Отан қорғаушылар

**Мақсаты:** Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.

**Көрнекілік:** Әскери, жас ұландар суреттер.

**Сөздік жұмыс:** Әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау.

**Кіріспе бөлім :** Балаларда залда «Балдырғандар маршы» (К.Куатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарына тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Жетекші балаларды атындағы демалыс «Жеңіс» паркіне шақырады. «9 мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп бауды ұсынады.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балаларды музыка ырғағымен жұптасып жүруге, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді.

**Негізгі бөлім:** «Ел қорғауға әзірміз» (М. Әлімбаев) әнін бірге орындайық. Аялдамадан Түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.

Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Жеңіс паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлердің әскерилерді көрсетеді. Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады. Әнші ұл бала әнді мәнерлеп айтуға талпынады. Балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдарды жасауға тырысады.

Балалар «Мәңгілік алау» басына ардагерлердің не үшін жиналғанын түсінуге талпынады. «Жеңіс күні» әнін тыңдайды.

Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне «Катюша» биіне қызыға қарайды. «Мәңгілік алау» басына гул шоқтарына қояды. «Сарбаздар» әніне билеуге тырысады.

**Музыка тыңдау:** «Жеңіс күні» әнін унтаспадада тыңдайды. Балаларды елін қорғаған батырларымен таныстырады.

Би: «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады. «Мәңгілік алау» басында гул шоқтарын қояды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды.

**Ән үйрену: «Жеңіс туы желбіреп»**

Ардагерлерге арнап «Сарбаздар» әніне (М. Жәутіков) билеп беруді ұсынады.

- **Қорытынды бөлім:** Бүгін біз қандай паркте болдық?
- Қандай әндер орындандар?

Қандай Би ансамбльдерін білесіңдер? Дидактикалық үлестірмелі ойын: «Жанрларды ажырат» Балаларға текшелер таратып береді. Панфилов паркінде «Жеңіс күні» «Момышұлы Бауыржан» Балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.

**№52 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** Көңілді жаз

**Мақсаты** музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып уйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** аспаптар, мектеп құралдары

**Көрнекілік:** Ұнтаспа, дискілер.

**Сөздік жұмыс:** ұстаз, мектеп, дана аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз.

**Кіріспе бөлім:** Балаларда залда «Гулдер валісімен» (Чайковский) шығармасымен қарсы алады. Би қимылдарымен сезіне билеуге уйретеді. Б. Бейсенованың « ұстазға мың тағзым» әнін тыңдауға ұсынады. Балаларды ойынға ұйымдастырады. «әуенді тап» ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап, жарысып айтуға уйретеді

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындайды.

Әнді тыңдап, сөздерін еске сақтауға тырысады. Балалар ойынды көңілді ойнап, әуенді жылдам еске түсіру арқылы жарысуға тырысады.

**Негізгі бөлім:** Ән уйрену: «Бақшамызға мың алғыз» (С. Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады.

Жетекші балалардың жыл бойы уйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетуін ұсынады. Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады. Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге уйретеді. Ұлдарды «рзп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп «Тіл туралы» «жырлауды уйретеді және вальс ырғағын қайталауды ұсынады. Алдын ала дайындалған «Испан биіне» «Гулдер вальсіне» билерін қайталайды.

«КВН» «Әзіл –сықақ» театры мнитораларынан үзінді уйретеді. Балалардың рольді ойнауын ұсынады.

Ойын «Қақпа алтын»

Аспапта ойнау: «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсынады.

**Музыка тыңдау:** «Біз тәртіпті Баламыз» (Б.Бейсенова) Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады. Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырысады. Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуға тырысады. Ұлдар би қимылдарын уйренеді. Вальс, полька билерін қайталап еске түсіруге тырысады. Балалар әзілдеуге, қысқа сөзбен қайырып жауап қатуға тырысады.

Ойынға белсене қатысып эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.

**Қорытынды бөлім:** Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды, мектепке дайындақтарының жоғары екенін айтып мадақтайды. Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді. Қоштасады.

**№53 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

**Тақырыбы:** Көңілді жаз

**Мақсаты:** Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтық) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** аспаптар, мектеп құралдары

**Көрнекілік:** Ұнтаспа, дискілер.

**Сөздік жұмыс:** ұстаз, мектеп, дана аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз.

**Кіріспе бөлім:** Балаларда залда «Гулдер вальсімен» (Чайковский) шығармасымен қарсы алады. Би қимылдарымен сезіне билеуге үйретеді. Б. Бейсенованың «ұстазға мың тағзым» әнін тыңдауға ұсынады. Балаларды ойынға ұйымдастырады. «әуенді тап» ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап, жарысып айтуға үйретеді

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындайды.

Әнді тыңдап, сөздерін еске сақтауға тырысады. Балалар ойынды көңілді ойнап, әуенді жылдам еске түсіру арқылы жарысуға тырысады.

**Негізгі бөлім:** Ән үйрену: «Бақшамызға мың алғыз» (С. Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады.

Жетекші балалардың жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетуін ұсынады. Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады. Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге үйретеді. Ұлдарды «рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп «Тіл туралы» «жырлауды үйретеді және вальс ырғағын қайталауды ұсынады. Алдын ала дайындалған «Испан биіне» «Гулдер вальсіне» билерін қайталайды.

«КВН» «Әзіл –сықақ» театры мнитюраларынан үзінді үйретеді. Балалардың рольді ойнауын ұсынады.

Ойын «Қақпа алтын»

Аспапта ойнау: «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсынады.

**Музыка тыңдау:** «Біз тәртіпті Баламыз» (Б.Бейсенова) Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады. Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырысады. Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуға тырысады. Ұлдар би қимылдарын үйренеді. Вальс, полька билерін қайталап еске түсіруге тырысады. Балалар әзілдеуге, қысқа сөзбен қайырып жауап қатуға тырысады.

Ойынға белсене қатысып эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.

**Қорытынды бөлім:** Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды, мектепке дайындақтарының жоғары екенін айтып мадақтайды. Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді. Қоштасады.

## №54 Ұйымдастырылған оқу қызмет

**Тақырыбы:** Мен жасай аламын

**Мақсаты:** музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.

**Көрнекілік:** Қуыршақтар, ойыншықтар. Әуенді сағат» дидактикалық ойынының карточкалары.

**Сөздік жұмыс:** Қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.

**Кіріспе бөлім:** «Біздің балабақша» (М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.

Қанша бала, қанша қыз

Бір шөк гүлміз баршамыз

Ойын күлкі ордасы

Біздің балабақшамыз. Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И.Штрауз) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.

Балабақша туралы қандай тақпақ білесіңдер? Балабақшада не үйренесіңдер? Деген сұрақтар кою

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.

Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билиді.

Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады.

Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.

арқылы балабақша туралы әңгімелесу

Аяағы бар журмейді,

Аузы бар кулмейді,

Айнымйды бопемнен,

Тек сөйлеуді білмейді

Бұл не?

Ойыншық куршақтарды алып,

«Ойыншықтармен би» қимылдарын үйретеді. Қуыршақтарды бірге қозғап,

Қимылдарын бірқалыпты жасауға дағдыландырды.

**Музыка тыңдау:** «Қуыршақ мұңы» (Б.Жүсібалиев) әуенін тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдатып, сипаты туралы сурайды. Қуыршақтары туралы әңгімелеп берулерн өтнеді.

«Қуыршақтар әуенін» (М.Калганов) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сурайды.

**Дауыс жаттығу:** «Әлди-Әлди» және «Ән шақырады» орындалады. Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелекте» аиту әдісімен жаттықтыру.

**Ән үйрену:** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т.Жұмалиева, Е.Өтетілеуұлы) әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұны мен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу.

Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару. Ойын: «Алтын қақпа». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды.

Ойынға белсене қатысқан балаларды мақтайды. Би: «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландырады («Билеп үйренейк» жинағынан). Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады.

Откен оқу іс-әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суреттеі сағат тілімен көрсету. «Әуенді сағат» үлестірмелі карточкасына барлық балаға тарату. «Аққала»,

«Жанбыр», «Добым менін», «Аязата», «Қуыршақ», т.б. әндер орындалады.

**Негізгі бөлім:** Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене арласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.

«Құс қанат», «құс тұмсық», би элементтерін үйренеді, мәнерлеп орындайды. Әндерді тыңдап ажыратып көрсетеді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес тауып көрсету. Балабақша, достары туралы тақпақ

**Қорытынды бөлім:** Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.-Сендерге балабақша ұнай ма?

-Сүйікті ойыншығың не?

-Қандай өнер түрі ұнайды? Оқу іс-әрекетін қортындылайды.